ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

---

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**





14th April 2017, Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«Ғылым және білім - 2017»**
**студенттер мен жас ғалымдардың**
**XII Халықаралық ғылыми конференциясының**
**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**
**XII Международной научной конференции**
**студентов и молодых ученых**
**«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS**
**of the XII International Scientific Conference**
**for students and young scholars**
**«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**
**Ғ 96**

Ғ 96
«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докоранттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

результате этих упражнений пациентки привыкают к виду своего тела, расширяют критерии своей внешней привлекательности и перестают придавать слишком большое значение недостаткам своего внешнего вида.

Велика роль раскрывающей терапии, фокусированной на теме питания и представлений об идеальной комплекции. Рассматривается связь особенностей пищевого поведения пациентки с ее текущими конфликтами и ситуационно обусловленными колебаниями настроения. Необходимо учитывать, что в период лечения у больных усиливается чувство утраты, они пытаются уйти от обсуждения своего пищевого поведения, переключая внимание на медицинские проблемы. В ходе терапии анализируются механизмы неизбежных рецидивов. Терапия может считаться завершенной лишь после отреагирования нарциссических обид и заполнения экзистенциального вакуума.

**Список использованных источников**

1. Айвазова А.Е.Психологические аспекты зависимости. СПб., 2003.
2. Гоголева А.В.Аддиктивное поведение и его профилактика. М. – Воронеж, 2002.
3. Залыгина Н.А. и др. Аддиктивное поведение молодежи: профилактика и психотерапия зависимостей. Минск, 2004.

УДК 612

## ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СӘЙКЕСТІЛІК ЖӘНЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ

**Кажгалиева Айбибі**
*aibibi.kazhgalieva@mail.ru*
«Әлеуметтік жұмыс» мамндығының 2 - курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Досмурзаева Д.О.

Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылыммен активті қолданылатын, «Ностальгия по-светскому» монографияның авторларының ойлары бойынша, «сәйкестік» термині толықтай анықталмаған. Олар белгілі бір себептерге назарын салады, ол, біріншіден, өзіндік ұғымымен байланысты, яғни «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап береді, екіншіден – «Шын менінде мен кіммін?», яғни «Мен басқалардан немен ерекшеленемін?» деген сұраққа жауап береді. Осыдан сейкестендіру процессіне қауымның әртүрлі формаларын (этникалық, ұлтаралық, конфессиналдық, әлеуметтік-тарихи және т.б.) енгізу қажеттілігі туындайды [1].

«Сәйкестік» термині ғылымға жайлап кірген. З.Фрейд «перцептивті сәйкестік» жайында жазады [2]. К.Ясперс [3] өзінің «Жалпы психопатология» атты әйгілі докторлық диссертациясында сәйкестікті «Мен» тұжырымдмасының төрт формальды белгілерінің бірі ретінде баяндайды: өзіндік сәйкестікті саналау, яғни: бұрында қандай болсам, қазір де сондаймын. Сәйкестік мәселесінің эволюциясын әллеуметтік ғылымның шет елдік классиктерінің еңбектерінен байқауға болады: Юнг, Пиаже, Леви-Стросса [4].

XIX ғасыр психологиялық сәйкестендіруді ашты. Адамның өзіндік Меніне байланысты тербелісі және басқалары шығармашылықтың іске қосылуының негізгі объектісіне айналды – авторларды үнемі Мен-Мен емес, Мен-Ол сияқты сұрақтар толғандырады, басқалардың мотивациясына жетуге ұмтылады, олардың ішкі әлемдеріне кіргісі келеді, қайта сол уақытта сол адамның сыртқы әлемін анықтаумен шұғылданады.

Эгоспсихолог Э.Эриксон арқылы қазіргі заманғы «сәйкестік» термин түсінігін психология, философия, содан кейін басқа да ғылымдарға еніп, XX ғасырдың 60 жылдарында кең етек жая бастайды. Эриксон [5] психоәлеуметтік сейкестік түсінігімен жұмыс жасайды және оны өзіндік Менін толық образ ретінде қабылдауға және оның көптеген әлеуметтік байланыстарына негізделетін «жеке басты куәландыратын үздіксіз сезім» ретінде қарастырады. Символикалық интеракционизм өкілі Ч.Кули әлеуметтік

фактордың маңыздылығын атап көрсетеді, адамның Мен-тұжырымдамасы ол туралы оны қоршаған адамдардың не ойлайтынына байланысты қалыптасады деген.

Қазіргі кезде басқарылатын сәйкестік жайлы айтылады – белгілі бір имидж арқылы қалаған сәйкестікті құрастыру. Бұл түсінік бойынша, егер де адам жағымды сәйкестікке қалыптасатын болса, онда адам бұрынға қарағанда батыл іс-әрекеттерге бейім болады, өзіне көбірек сенімді болады, ал қоғам (фирма, топ) сондай сәйкестікке тән адамдар бұрынға қарағанда монолитті болады, осындай жағдайды керекті өзгерістерді енгізу жеңіл болады [6].

Басқаша айтқанда, сәйкестік – ол адамның әлеуметтік өмірдегі бағытының негізі, яғни оның өзін қалай бағалауы мен қоршаған адамдардың оны бағалауы. Жалпы айтқанда, сәйкестік ұғымы бір ғана адам бір жағдайларда бірегей тұлға ретінде, ал басқа жағдайларда – бүтіннің бетсіз бөлігі ретінде әрекет ете алатынына қол жеткізді. Сәйкестік сәйкестендіру қасиетімен анықталады, ал сәйкестендірулер, бұл кезекте сәйкестіктің жағдайы мен қасиеттеріне тәуелді. Өзін біреумен немесе бір нәрсемен сәйкестендіру ізденіс пен ортақ белгіерді табу арқылы жүзеге асады, бүтін «бейнелерге» және әлеуметтік типтерге (соның ішінде белгілік пен символикалық жүйені анализдеу арқылы, жалпылаудың сәйкесінше тән болуы) дейін классификациялау және сол белгілерді жалпылау арқылы және келесі оның іске қосылуы. Бірақ сәйкестендіру біреудің жүріс-тұрысын қайталау, біреуге ұқсауға ниеттің күшті болуы ретінде де қарастырылады. Тұлғаның әлеуметтік сәйкестендіру процессі кезінде топтардың индивидінде және олардың белгілерінде «біліктіленуі» жүреді, әлеуметтік салыстыру арқылы оларға белгілі бір статус берілгенде – позитивті немесе негативті боялған.

Жадыға алу керек, адамда әлеуметтік сәйкестіктік оң түрі ингруппалардың аутгруппаға қарағанда жағымды қырларын салыстыру арқылы қалыптасады. Салыстыру игруппаның жеңісіне орай болмаған жағдайда индивидта екі таңдау жолы болады – «асып түсу критерийлерін» іздеу немесе ингруппаны өзгерту. Адамда тұлғалық та, индивидуалды сәйкестік те болғандықтан, әрбір нақты жағдайларда біріншісі де, екіншісі де жеңіске жете алады. Сонымен қатар антагонист болып тұрып, тура сол уақытта тұлғалық пен әлеуметтік сәйкестік бірін бірі толықтырады, және адам тұлғасының мәнді бөлігін құрайды [7].

Сонымен бірге әлеуметтік сәйкестік – салыстырмалы түрде тұрақы қоғамның нәтижесі. Трасформация процессіне ұшыраған жоғары динамикалық қоғамда осы құрылымдардың ықпалы тұрақтылық жіне қатаң құрылымдылық қасиеттерін жоғалтады. Эриксон осы жағдайды сәйкестіктің дағдарысы деп атады. Алғаш рет осы ұғым Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Сион тауындағы соғыс ардагерлерінің реабилитациялық клиникасында қолданылды, «әскери невроз» ауруына шалдыққан американдық теңізші-су астында жүзетін адамдар арасында әртүрлі бағытта психиатрлар жұмыс істеген кезде. Осы эксперименталды соғыс жағдайларында пациенттер жеке басын куәландыратын сезімді және уақыттың тоқтамайтынын сезінуді жоғалтты. Олар «эго» күші арқылы жүзеге асатын және жәрдем алатын өзін басқаруды жоғалтты. Эриксон басыда бұған «эго-сәйкестіктің жоғалуы» деген ат берді. Кейін осыған ұқсас бұзылулар қарама-қайшылықтармен талқандалған, өздерін қоғамға қарсы қоюға тырысқан жас адамдар, бүлікшілер арасында байқалған. Тағы да бір атау пайда болады – «сәйкестіктің араласуы». Бірақ осы адамдарға диагноз қойылып жатқан кезде олардың жағдайы соңғы тесіп емес, емделмейтін уақытша үшкір дағдарыс болып шықты. Өзіндік сәйкестіктің дағдарысы түсінігі пайда болды және Эриксон оны индивидтің даму кезеңіндегі әдеттегі құбылыс ретінде карауды ұсынды.

Эриксон сәйкестік дағдарысты патологиялық және жас ерекшелік деп бөледі. Жас ерекшелік қалыпты көшу кезеңі болып табылады, патологиялық белгілі бір психикалық шокпен байланысты. Әлеуметтік байланыстардың тотальды бұзылудың шарттарында дағдарыс аномалия ретінде қарастырылмайды. Өйткені әлеуметтік-мәдени қоршаулар мен нормалар әл-ауқаттылық кепіллдігін бермейді, адамдар белгісіздіктік сезімінің пайдасымен пайдалана бастайды. Бірақ осы белгісіздікті өзінен өткізіп саналу маригиналды сәйкестікке әкеліп соғуы мүмкін.

Осындай дағдарыстан шығу үшін арнайы идеология қажет. Осылайша, қазіргі таңдағы тұлғаның сәйкестігі күрделі өзгерістерге ұшырайды. Жалпы құндылықтар жүйесінің

барлығы кез келген қоғамдағы тұрақтылық пен интеграцияның керекті алғышарты болып табылады.

Әлеуметтік институттардың трансформациясы тұлғаның бағытын формальды емес байланыстарға алып келеді. Институализацияланған тұлғалық қарым-қатынастар қоғамдағы өзгерістерге сезімтал, бірақ осы икемділік сол уақытта оларды тұрақты қылады, осының себептерінің бірі – сақтау мен белгілі бір нормативті модельге сәйкес келуді қалау [8]. Биліктің формальді құрылымдары мәселені шешуге икемділігі болмаған жағдайда шаруаға формальды емес институттар кіріседі, бұл қоғамның соңғы қорғаныс белгісі секілді.

Ерекше актуальды мәселе қазіргі заманғы жастардың сәйкестігі болып табылады. Жастар деп біз әлеуметтену жағдайында тұрған ерекше әлеуметтік-жас ерекшелік топты түсінеміз, балалық кезеңнен ересектік кезеңге өту. Төменгі жас ерекшелік топ 14 жастан 16 жас аралығында болып тұр, жоғарғысы – 25 жастан (кейбір классификацияларға сәйкес) 36 жасқа дейін [9].

Жастардың әлеуметтік сәйкестігі, оның сәйкестенуі әрдайым белгілі бір берілген топтың әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктермен байланысты спецификамен, оның қоғамдағы орны мен функциясымен белгіленген. Жастар әлеуметтануында сәйкестендірудің түсінігі индивидтің  басқа адаммен, топпен, үлгімен өзін сәйкестендіру процессі ретінде қалыптасты, соның арқасында белгілі бір топ өкілдерінің нормалары, құндылықтары, әлеуметтік рөлдері, моральдық қасиеттері өзі жататын немесе ұқсағысы келетін индивидте қалыптасады. Әлеметтену процессінде әлеуметтенудің сапасын анықтайтын үздіксіз сәйкестендіру жүреді. Сәйкестендіру мұнда тұлғаның әлеуметтенуінің бір механизмі ретінде шығады. Әлеуметтену және сәйкестену процесстерінде жас адам әртүрлі әлеуметтік рөлдер , типтермен стандарттар, өзін ұстау модельдерін және т.б. өлшеп көреді, әлеуметтік-мәдени контекстіндегі қоғамның кең спекторындағы сәйкестенудің біреуін таңдайды. Ереже ретінде әлеуметтену процессінде қалыптасатын сәйкестенулер институализацияланған қырды ұстанады (отбасы, білім, экономика) және осы институттарға сәйкес жүріс-тұрыс стандарттары жүзеге асады.  Қоғамның институционалды құрылымдағы қирауар немесе шұғыл өзгерістер сәйкестендірудің жаппай жоғалуына және сәйкестіктің дағдарысына әкеліп соғады. Бірінші кезекте ол жастарға қатысты болады. Осыған мысал ретінде XX ғасырдың соңында елдегі әлуметтік трансформацияның салдарын алуға болады, ескі сәйкестік негіздер қираған кезде жаңадан пайда болды немесе жүзеге асты.

Дәл осы жастық шақта үлкен көлемде паттерндер, стериотиптер пайда болып, кейін толықтай жойылмай қалады да, тек ақырындап өзгереді. Дәл осы жастық шақта адам өзіне әртүрлі тұлғаларды сіңіреді, «өмірді кімнен бастап жасауды» іздейді, өзін-өзі тұлғалық сейкестендіру нұсқаларын таңдап, эксперимент жасайды. Адам референтты топтарды ауыстырады, топтың ішінде ерекшеленумен қатар оның ішіне кіргісі келеді, әртүрлі қауіпсіз және қауіпті қызығушылықтарды көреді. Дәл осы шақта заманауи жастарда девиация мен аддикцияның пайда болу қауіпі туындайды. Жақсы тәрбие адамға өзін-өзі сәйкестендіруге ықпал етеді, бірақ жас адамның өмірлік жағдайлары, статустарының шұғыл өзгеруі (бала – оқушы – студент), болашақты ойлау керектігі жас адамның тұлғалық сәйкестендіруін кез келген уақытта қатты өзгертуі мүмкін.

В.Луковтың айтуы бойынша, заманауи жастарға тән «әлем бейнесі» түсінігінде екі жан-жаққа бағытталған нәтиже көрінеді: әлеуметтенуді күшейтетін отбасыда, мектепте, басқа да институттарда білім беру жүйесінің әсері; ғаламторды қосқанда күнделікті глобальды жүйелермен қарым-қатынас тәжірибелер [10].

Жастар қандай топтарға кіруді таңдайды, «әкелердің» ойларымен анықтау немесе (жиірек) мүлдем басқа жолды таңдап, қызығушылықтардың әрдайым пайда болып орын ауыстыруы. Соңғысының (жоғарғы оқу орындық) кезінде өзін «ересектер» тобымен сәйкестендіру процессі жүреді, қандай да бір ортаға кіріп, өзін болашақ бастығының алдында жақсы қырынан көрсету құлшынысы артады. Студенттердің тұрақсыз күйі оларды әлсіз қылады, түрлі формальды емес, соның ішінде антижүйелік бірлестіктерде, жоғарғы емес өмір дәрежесі бунтарлық көңіл-күйлер және антижүйелік әлеуметтік сәйкестендіру

қалыптасады. Әлеуметтік желілердің кең етек жаюы сәйкестенудің сан түрлерінің қалыптасуына әсер етеді, максималды түрде анонимді және адамға қауіпсіз жағдайда. Бұл бірнеше қауіпке алып келеді.

Біріншіден, сәйкестенудің осындай түрлері қауіпсіздік, жазасыздық сезімін тудырады. Осыған орай, жастар төтенше көзқарастармен атынан ұшып, оларды өзіне қатысты тәрбиелеу. Адам – компьютер емес, онда кіргізілген мәлімет «сұралғанға дейін» сақталмайды, ол әлемнің белгілі бір бейнесін құра отырып жұмыс жасай бастайды, өзіне сақтайды, мәліметтің келешек фрагменттерін қоса бастайды, индивидті әрекеттерге тартып, кей кезде деликвентті сипатта. Әлеуметтік желілердегі кейбір топтар ұлттық сипатта немесе тіпті фашисттік сипаттағы көңіл-күйлер сіңіреді және олар мекмлекетте тұрақсыздықтар болғанда сол топтар өздерін виртуалды емес, реалды өмірде көрсетеді. Сонымен қатар осындай мәліметтердің жинақтық мінездерін айтуға болады: сол топтарда үнемі отыру, мысалы, нацисттік әдебиеттермен алмасу, мәліметтермен адамның тұлғасын ғана емес, оның әрекеттерінің радикалдылығының дәрежесін анықтауға болады.

Екінші қауіп мәліметтің шектеулілігінен емес, оның қауымдастығына байланысты. Зерттеушілер айтады, біз мәліметтік жарылыс заманында өмір сүреміз, жыл сайын ғаламторда мәлімет саны екі және одан да көп есеге өседі. Бұл сәйкестікке тікелей әсер етеді және мозаикалық тұлға тәрбиеленеді. Осындай адам алдыңғыға қарағанда көптеген топтарға мүшелігімен ерекшеленеді, бірақ осы топтар мен бағыттарда өзін таба алмайды. Бұл, әдеттегіге қарағанда көбірек, одан да көп сәйкестік дағдарысына және көзқарастар тұрақсыздығына жағдай туғызады.

Үшінші қауіп өзін виртуалды әлеммен сәйкестендіру және реалды өмірден кетумен түсіндіріледі. Сериалдар мен ойындардағы сүйікті кейіпкерлерге сәйкестену «шынайылыққа жанасады», жас адамдардың көптігімен бөлінеді, компьютердің ар жағы болсын, өзінің алдында болсын. Осылайша бірлестіктер пайда болады, олар ойындағы мәселелерді шешуде көбірек қызыққан, жастар алдында тұрған мәселелерден шынайырақ көрінеді.

Ғаламтолық адам басқа адамдармен белгілі бір байланыстар түзеді, Басқаның факторынан айырылған. Ғаламторлық өмір белгілі бір заңдылықтардан бос, тотальды бостандық пен барлығына рұқсаттылықты армандаудың іске асуы – мынды, виртуалды өмірде, барлығы қол жетімді, барлық нәрсені жасауға болады. Ол максималды ашықтықпен және жазасыздық мінез-құлықпен ерекшеленеді. Бірақ мұнда белгілі бір «бандар» бар – шектеулер, белгілі бір қолданушыларға әртүрлі ресурстарға, сонымен қатар тіркелуді талап ететін жүйелер, бірақ бұл айтарлықтай емес, өйткені, қалай болғанда да, әрбір адам өзін-өзі білдіру үшін толық құқыққа және мүмкіншіліктерге ие. Солай болса да, ғаламторлық өмір реалды өмірді алмастыра алмайды, өйткені қоғам факторы, адамның жүріс-тұрысын, Басқаның көзімен, сырттан бақылаумен түсіндіреледі, бұның бәрі айтарлықтай жойылған. Қоғамның ойынша ғаламторлық өмір көрінбейді, яғни ол «саналмайды». Ол «сынақтық» қалыптасу үшін және әртүрлі Мен-бейнелерін  қолдану үшін тетік болып табылуы мүмкін, адам сондай юолғысы келетін, бірақ Басқаның сынайтын көзіне көрінуге батылдық жинай алмайтын болуы мүмкін. Ғаламтор-эскапизм, осылайша, адам үшін сәйкестендіру дағдарысына түскеннен кейінгі фрустрациядан шығу үшін уақытша пайдалы болуы мүмкін. Басқа жағынан, бұл дағдарыстан шығудың соңғы жолы емес және де адамның өздігін екіге бөлінген қалыпта қалдырады.

Қазіргі заманғы қарым-қатынастың технологиялардың дамуына орай «ғаламторлық Мен» және «файлдық Мен» түсініктері қалыптасады. Бір адамға арналған сол бір «файл» бір уақытта әртүрлі жерлерде болуы мүмкін, сондақтан «файлық Мен» уникалды және индивидуалды бола тұрып, сол уақытта көптеген көшірмелерде болады деп айтуға болады. Ббір уақытта адам әртүрлі ғаламтор кеңістіктерінде бола алады, сонымен қатар пассивті ғана емес, активті әрекет ете алады. Web 2.0-нің қыры ретінде блогтар жүйесі Мен-образдардың бірігуіне және «әлеуметтік» байланыстарының өзуіне септігін тигізеді [11]. Айтып кету маңызды нәсе, ол - адамда бінеше блогтардың бола алуы, бірақ олардың бір-бірінен айырмашылығы болуы. Сондықтан «ғаламтор» адам арқылы бір уақытта бірнеше жалған

сәйкестігінің юола алу мұқтаждығы және мүмкіндігін көрсетеді. «Ғаламтор» баяғыдан бері тек байланыс құралы болуды тоқтатты, ол енді реалды өмірдің бейнесіне, шағылысына айналды. Ертедегі ғаламтор апологеттер үміттенгендей, ғаламтор рухани және жоғарылаған сандық мән бола алмады, керісінше, оның экранның арғы бетіндегі қоғамнан ешқандай айырмашылығы жоқ. Барған сайын виртуалды қоғамда реалды қоғамның қырлары шыға бастайды. Бұл желілік Мен-образдардың үнемі даму деңгейіне байланысты.

Сонымен қатар есептен тұлғаның сәйкестігін анықтайтын, қарым-қатынас жасаудың қалыпты, дәстүрлі формаларын шығарудың қажеттілігі жоқ. Қазіргі заманғы қоғам жас адамға өзін анықтайтын бай мүмкіндіктер спектрын ұсынады: формальды емес топтар, студенттік және мектеп кезіндегі шақ, компаниялар, қызығушылық бойынша клубтар.

Сонымен қатар жастар арасында арнайы және жоғарғы білім алу беделі өсті, бұл мансап деңгейін көтеру негізі ретінде қарастырылады. Алайда қоғамда әлеуметтік сәйкестікті және әлеуметтік солидарлықты сақтап тұруға қажетті аномияның, нормативті-моральдық құндылықтар сақталуы жалғасуда. Қазіргі заманғы жастар өздерінің күштеріне сенеді. (В.А. Луков, Н.Н. Козлова және т.б.) авторлардың қатары құндылықтық-нормативтік параметрлерлерінің жақындығына орай олар жеке басын куәландырудың «әкелер» мен «балалар» ұрпақтар реакциясының Ресейдегі саяси және әлеуметтік өзгерістерге жоғарғы деңгейі туралы ойларын айтады. Луковтың айтуы бойынша фактор ретінде жаппай бірегей сәйкестіктің қалыптасуына үлкен тарихи құбылыстардың әсерін айтады [12]. Қазіргі кездегі жастар әрдайым таңдау жағдайында тұратынын айта кету керек және ол есею процессі кезінде өзінің сәйкестігінің моделін ауыстырып отырады. Сондықтан өзіндік «Менін» қалыптастырғанда ауытқу, девияцияның пайда болу қауіпі туындайды және де мұндай қажеті жоқ құбылыстардың профилактикасы туралы сұрақтар туындайды.

Осылайша әртүрлі әлеуметтік топтармен өзін-өзі сәйкестендірудің нәтижесі ретінде сәйкестік – кез келген қоғамдағы объективі болып табылатын құбылыс. Сәйкестік адамға мәңгілікке берілмейді, ол аз дегенде адам өмірінде бірнеше рет өзгереді. Сәйкестік ауысқани кезде сәйкестік дағдарысы пайда болады және де осы дағдарыстан конструктивті шығу адамның тұлғасын байытады, оны өмірдегі стресстер мен өзгерістерге шыдамдылық арта түседі. Алайда сәйкестік дағдарысы адамның ментальды денсаулығына жарақаттаушы әсер ете отырып, негативті салдарға әкеліп соғуы мүмкін. Әлеуметтік топ ретінде жастарға жарасатын сәйкестік іздеу мен сәйкестіктің дағдарыстық күйі тән болады. Осыдан осы дағдарыстың шешілу жолына жас адамның ментальды денсаулығы және де бүкіл хвлықтың болашағы байланысты. Сәйкестендірудің кең таңдау кешенін қазіргі заманғы қарым-қатынас түрлері көрсетеді, әсіресе ғаламтор желісі арқылы. Бірақ жастар өмір сүріп жатқан елдің әлеуметтік-экономикалық шарттары сәйкестендіру процессіне негативті әсер ете алады, соған орай жастар өміріне және студенттерге. Бұл қалыптасып жатқан сәйкестікке байланысты девиация мен басқа да қажетсіз салдарға алып келуі мүмкін.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**


1. Ностальгия по-советскому / отв. ред. З.И. Резанова. Томск : Изд-во Том. ун-та, 2011. С. 20-21.
2. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции / З.Фрейд; пер. с нем. Г.В Барышкиновой. Изд. 2-е, стер. М. : Наука, 1991. 455 с.
3. Ясперс К. Общая психопатология. М. : Практика, 1997. 1056 с.
4. Лескова И.В. Социокультурная идентичность: теоретические и прикладные аспекты // Социальная политика и социология. 2007. №3. С. 203-213.
5. Эриксон Э. Идентичность. Юность и кризис. М.: Флинта, 2006.352 с.
6. Роуден М. Корпоративная идентичность. Создание успешного фирменного стиля и визуальные коммуникации в бизнесе. М.: Добрая книга, 2007.
7. Агеев В.С. Социальная идентичность личности // Социальная психология. Хрестоматия. М.: Аспект-ПРЕСС, 2000. С7 349-356.

8. Лескова И.В. социокультурная идентичность: теоретические и прикладные аспекты // Социальная политика и социология. 2007. №3. С. 203-213.
9. Молодежь // БСЭ.
10. Луков В.А. Теории молодежи. Междисциплинарный анализ. М.: Канон+, 2012. С.201.
11. Этап в развитии сети интернет, характеризуемый усилием интерактивности и возможностью использования, кроме текста, более сложного контента: фотографий, видеозаписей и т.д.
12. Луков В.А. Теории молодежи. С. 413-414.

УДК 616.89-008.19.

# СЕМЬЯ КАК РАЗВИВАЮЩАЯ СРЕДА ДЛЯ ОДАРЁННОГО РЕБЁНКА

**Кайсина Галия Абайқызы**
galeko99@mail.ru
студент 1курса специальности «Психология»
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Ж.К. Бекова

Вопрос одаренности является одним из наиболее интересных и загадочных в наше время, и это не случайно – к настоящему моменту существует ряд проблем, касающихся одаренных детей. Среди них вопрос о природе и предпосылках одаренности, проблемы диагностики одаренности, проблемы, связанные с разработкой методик, форм работы с одаренными детьми и т.д.

Традиционно главным институтом воспитания является семья. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни. Семья играет огромную роль в раскрытии, поддержке, развитии детской одаренности. Именно семья является основной опорой для ребенка, именно в семье могут быть созданы благоприятные или неблагоприятные условия для проявления и дальнейшего развития одаренного ребенка. Родители могут либо поддержать ребенка в развитии его способностей, либо помешать их раскрытию [1].

Актуальность проблемы обусловлена тем, что интерес к детской одарённости со стороны педагогической науки и практики сочетается с явным недостатком исследования семьи одарённого ребёнка и его развития в контексте детско-родительских и семейных отношений. Цель исследования явилось изучение особенностей семейной ситуации и специфической роли семьи в развитии интеллектуально одарённых детей.

Для достижения поставленной цели были проведены следующие психодиагностические методы: методика «Взаимодействие родителей и ребенка» (И. Марковская); шкала семейной адаптации и сплоченности (Д. Х. Олсон, Дж. Портнер и И. Лави); тест на уровень общих интеллектуальных способностей (Р. Кэттелл).

Результаты исследования помогут определить вероятные прогнозы развития интеллектуально одарённого ребёнка, оптимальные стратегии работы с семьёй, родителями и интеллектуально одарёнными детьми. Материалы исследования могут быть использованы в различных видах деятельности педагога-психолога: диагностической, консультативной, коррекционной.

База исследования: Областная специализированная школа-лицей для одаренных детей «ЛОРД» г. Петропавловска, учащиеся 9-11-х классов количестве 80 человек в возрасте 14-17 лет и их родители. В исследовании принимали участие интеллектуально одарённые дети и нормативно развивающиеся дети, которые имеют высокую учебную мотивацию, успешно учатся и их родители.